

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
У К А З

**«Тараз химиялық паркі»
арнайы экономикалық аймағын құру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы»
2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының
8-тармағына сәйкес және республикада химия өнімдерінің жаңа өндірістерін
құру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2037 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған:
 - 1) АЭА туралы ереже;
 - 2) АЭА-ның жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және АЭА-ның нысаналы индикаторларға қол жеткізбеуінің сындарлы деңгейі бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі АЭА қызметін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 13 қараша

№ 426

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 13 қарашадағы
№ 426 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**«Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Жамбыл облысы Шу ауданының аумағында орналасқан.

АЭА-ның аумағы 505 гектарды құрайды және Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

2. АЭА Қазақстан Республикасында жоғары тиімді технологиялар негізінде химия өнімдерінің жаңа өндірістерін қалыптастыру мақсатында құрылады.

3. АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. АЭА аумағындағы қызметтің басым түрлері:

- 1) химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
- 2) резеңке және пластмасса бұйымдарын шығару;
- 3) өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру;
- 4) химиялық өндіріс үшін машиналар және жабдықтар шығару
- 5) жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес тікелей химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісіне, резеңке және пластмасса бұйымдарына, сондай-ақ металл емес минералды басқа да өнімдер, химия өндірістері мақсаттары үшін машиналар мен жабдықтарға арналған өнеркәсіптік объектілерді салу және мемлекеттік қабылдау комиссиясының қабылдау актісінің негізінде пайдалануға енгізу болып табылады.

2. АЭА-ны басқару

5. АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. АЭА-ның аумағында салық салу

6. АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

4. Кедендік реттеу

7. АЭА аумағындағы кедендік реттеу Қазақстан Республикасының және Кеден одағының кедендік заңнамасының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Еркін кеден аймағының кедендік рәсімі АЭА-ның аумағында немесе оның аумағының бір бөлігінде қолданылуы мүмкін.

Еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне АЭА-ға қатысушы ретінде қызметін жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың АЭА аумағына орналастыруына және (немесе) пайдалануына арналған тауарлар орналастырылды.

9. Еркін кеден аймағының кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында АЭА шекарасы оның периметрі бойынша Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жайластырылады және жабдыкталады.

10. АЭА аумағында Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында айқындалған тәртіппен тауарларды уақытша сақтау орындары құрылуы мүмкін.

11. АЭА аумағында еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар, сондай-ақ еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне орналастырылмаған Кеден одағының тауарлары және өзге кедендік рәсімдермен орналастырылған шетелдік тауарлар орналастырылуы және пайдаланылуы мүмкін.

12. АЭА аумағына әкелінген және еркін кеден аймағының кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерде орналасқан тауарлар ретінде қаралады.

13. Тауарларды уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға, кедендік тазартуға және шығаруға, сондай-ақ АЭА аумағында кедендік бақылау жүргізуге байланысты кедендік операциялар Қазақстан Республикасының және Кеден одағының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Қоршаған ортаны қорғау

14. Экологиялық реттеу бөлігінде АЭА қызметі Қазақстан

Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қырларының теңгерімі негізінде орнықты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануда негізделген.

6. АЭА-ны тарату тәртібі және мерзімдері

15. АЭА өзінің құрылған мерзімі аяқталғаннан кейін АЭА Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен таратылады.


7. Қорытынды ережелер

16. АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

17. АЭА-ның осы Ережемен реттелмеген қызметі Қазақстан Республикасы мен Кеден одағының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Тараз химиялық паркі»
арнайы экономикалық
аймағы туралы ережеге
ҚОСЫМША

«Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының
жоспары



«Тараз химиялық паркі» АЭА аумағы $S = 505$ га

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2012 жылғы 13 қарашадағы
№ 426 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

«Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің нысаналы индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің сындарлы деңгейі

№	Мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері (атаулар)	Өлшем бірлігі	База-лық кезең (2012 жыл)	2015 жылға жетістіктер, оның ішінде		2020 жылға жетістіктер, оның ішінде		2025 жылға жетістіктер, оның ішінде		2030 жылға жетістіктер, оның ішінде		2037 жылға жетістіктер, оның ішінде	
				Нысаналы индикатор	Сындарлы деңгей	Нысаналы индикатор	Сындарлы деңгей	Нысаналы индикатор	Сындарлы деңгей	Нысаналы индикатор	Сындарлы деңгей	Нысаналы индикатор	Сындарлы деңгей
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Инвестицияның жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге		82,5	15	124,5	50	403,5	200	403,5	200	403,5	200
1)	Шетелдік инвестиция көлемі	млрд. теңге		41,2	7,5	62,2	25,0	201,7	100	201,7	100	201,7	100
2)	Отандық инвестицияның көлемі	млрд. теңге		41,2	7,5	62,2	25,0	201,7	100	201,7	100	201,7	100
2	АЭА аумағындағы тауарлар мен қызметтер өндірісінің көлемі	млрд. теңге		0,0	0,0	167,3	92,9	796,1	442,3	1 541,6	856,4	2 585,4	1 436,3
3	Өңір экономикасының	%		40%	10%	152%	95%	166%	136%	166%	136%	166%	136%

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
	шикізаттық емес секторындағы инвестицияның жыл сайынғы өсімі (өндеуші өнеркәсіп)												
4	Қатысушылар саны	бірлік		7	3	15	12	15	13	15	14	15	15
5	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орнының саны	жұмыс орны		172	115	1190	819	1430	1001	1430	1001	1430	1001
6	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%		0	0	50	30	60	40	70	50	80	60
7	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі өнім экспортының үлесі	%		0	0	16	8	38	19	45	22	47	24
8	Еңбек өнімділігін арттыру	есе		0	0	1,5	1,3	1,8	1,6	2,0	1,8	2,2	2

Ескертпе:

индикаторлар көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген;

АЭА аумағында тауарлар өндірісінің алғашқы көлемін алу 2015 жылға, натрий цианиді – 4 млрд. тенге көлемінде жоспарланған;

есептеу кезінде 1 АҚШ доллары – 150 тенге бағамында қолданылған;

өңір экономикасының шикізаттық емес секторларына инвестициялардың жыл сайынғы өсуін есептеу кезінде

2010 жылдың қорытындылары бойынша статистикалық мәліметтерге сәйкес өнеркәсіп бойынша Жамбыл облысының негізгі капиталына 148 млрд. теңге көлемінде инвестициялар ескерілген.

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

**О создании специальной экономической зоны
«Химический парк Тараз»**

В соответствии с пунктом 8 статьи 7 Закона Республики Казахстан от 21 июля 2011 года «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан» и в целях создания новых производств химической продукции в республике **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Создать специальную экономическую зону «Химический парк Тараз» (далее – СЭЗ) на период до 1 января 2037 года.
2. Утвердить прилагаемые:
 - 1) Положение о СЭЗ;
 - 2) целевые индикаторы функционирования СЭЗ и критический уровень недостижения целевых индикаторов СЭЗ.
3. Правительству Республики Казахстан принять меры по обеспечению деятельности СЭЗ.
4. Контроль за исполнением настоящего Указа возложить на Администрацию Президента Республики Казахстан.
5. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

**Президент
Республики Казахстан**

Н.Назарбаев

Астана, Акорда, 13 ноября 2012 года

№ 426

УТВЕРЖДЕНО
Указом Президента
Республики Казахстан
от 13 ноября 2012 года
№ 426

ПОЛОЖЕНИЕ
о специальной экономической зоне «Химический парк Тараз»

1. Общие положения

1. Специальная экономическая зона «Химический парк Тараз» (далее - СЭЗ) расположена на территории Шуского района Жамбылской области в границах согласно прилагаемому плану.

Территория СЭЗ составляет 505 гектаров и является неотъемлемой частью территории Республики Казахстан.

2. СЭЗ создается с целью формирования в Республике Казахстан новых производств химической продукции на основе высокоэффективных технологий.

3. Деятельность СЭЗ регулируется Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан от 21 июля 2011 года «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан», настоящим Положением и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

4. Приоритетными видами деятельности на территории СЭЗ являются:

- 1) производство продуктов химической промышленности;
- 2) производство резиновых и пластмассовых изделий;
- 3) производство прочей не металлической минеральной продукции;
- 4) производство машин и оборудования для химических производств;
- 5) строительство в соответствии с проектно-сметной документацией и ввод в эксплуатацию на основании акта приемки государственной приемочной комиссии промышленных объектов, предназначенных непосредственно для производства продуктов химической промышленности, резиновых и пластмассовых изделий, а также прочей не металлической минеральной продукции, машин и оборудования для целей химических производств.

2. Управление СЭЗ

5. Управление СЭЗ осуществляется в соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 июля 2011 года «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан».

3. Налогообложение на территории СЭЗ

6. Налогообложение на территории СЭЗ регулируется налоговым законодательством Республики Казахстан.

4. Таможенное регулирование

7. Таможенное регулирование на территории СЭЗ осуществляется в соответствии с положениями таможенного законодательства Таможенного союза и Республики Казахстан.

8. Таможенная процедура свободной таможенной зоны может применяться на территории СЭЗ или на части ее территории.

Под таможенную процедуру свободной таможенной зоны помещаются товары, предназначенные для размещения и (или) использования на территории СЭЗ лицами, осуществляющими приоритетные виды деятельности на территории СЭЗ в соответствии с договором об осуществлении деятельности в качестве участника СЭЗ.

9. Территория СЭЗ, на которой применяется таможенная процедура свободной таможенной зоны, является зоной таможенного контроля. В целях проведения таможенного контроля границы СЭЗ по ее периметру обустраиваются и оборудуются в соответствии с таможенным законодательством Республики Казахстан.

10. На территории СЭЗ могут создаваться места временного хранения товаров в порядке, определенном таможенным законодательством Таможенного союза и Республики Казахстан.

11. На территории СЭЗ могут размещаться и использоваться товары, помещенные под таможенную процедуру свободной таможенной зоны, а также товары Таможенного союза, не помещенные под таможенную процедуру свободной таможенной зоны, и иностранные товары, помещенные под иные таможенные процедуры.

12. Товары, ввезенные на территорию СЭЗ и помещенные под таможенную процедуру свободной таможенной зоны, рассматриваются как находящиеся вне таможенной территории Таможенного союза для целей применения таможенных пошлин, налогов, а также мер нетарифного регулирования.

13. Таможенные операции, связанные с временным хранением, таможенным декларированием, таможенной очисткой и выпуском товаров, а также проведением таможенного контроля на территории СЭЗ, осуществляются в порядке, определенном таможенным законодательством Таможенного союза и Республики Казахстан.

5. Охрана окружающей среды

14. Деятельность СЭЗ в части экологического регулирования осуществляется в соответствии с экологическим законодательством Республики Казахстан и основано на рациональном и эффективном использовании природных ресурсов посредством создания условий для перехода к устойчивому развитию и охране окружающей среды на основе баланса экономических, социальных и экологических аспектов повышения качества жизни.

6. Порядок и сроки упразднения СЭЗ

15. СЭЗ упраздняется по истечении срока, на который она была создана, Указом Президента Республики Казахстан по представлению Правительства Республики Казахстан.


7. Заключительные положения

16. Досрочное упразднение СЭЗ осуществляется в соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 июля 2011 года «О специальных экономических зонах в Республике Казахстан».

17. Деятельность СЭЗ, не урегулированная настоящим Положением, осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и Таможенного союза.

ПРИЛОЖЕНИЕ
к Положению о специальной
экономической зоне
«Химический парк Тараз»

План территории специальной экономической зоны
«Химический парк Тараз»



Территория СЭЗ «Химический парк Тараз» S = 505 га

УТВЕРЖДЕНЫ
 Указом Президента
 Республики Казахстан
 от 13 ноября 2012 года
 № 426

ЦЕЛЕВЫЕ ИНДИКАТОРЫ
функционирования специальной экономической зоны «Химический парк Тараз»
и критический уровень недостижения целевых индикаторов
специальной экономической зоны «Химический парк Тараз»

№	Цели, задачи и показатели (наименования)	Ед. изм.	Базовый период (2012)	Достижение к 2015 году		Достижение к 2020 году		Достижение к 2025 году		Достижение к 2030 году		Достижение к 2037 году	
				Целевой индикатор	Критический уровень	Целевой индикатор	Критический уровень	Целевой индикатор	Критический уровень	Целевой индикатор	Критический уровень	Целевой индикатор	Критический уровень
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Общий объем инвестиций, в том числе:	млрд. тенге		82,5	15	124,5	50	403,5	200	403,5	200	403,5	200
1)	Объем иностранных инвестиций	млрд. тенге		41,2	7,5	62,2	25,0	201,7	100	201,7	100	201,7	100
2)	Объем отечественных инвестиций	млрд. тенге		41,2	7,5	62,2	25,0	201,7	100	201,7	100	201,7	100
2	Объем производства товаров и услуг (работ) на территории СЭЗ	млрд. тенге		0,0	0,0	167,3	92,9	796,1	442,3	1541,6	856,4	2585,4	1 436,3

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
3	Ежегодный прирост инвестиций в сырьевые секторы экономики региона (обрабатывающая промышленность)	%		40%	10%	152%	95%	166%	136%	166%	136%	166%	136%
4	Количество участников	ед.		7	3	15	12	15	13	15	14	15	15
5	Количество рабочих мест, создаваемых на территории СЭЗ	раб. места		172	115	1190	819	1430	1001	1430	1001	1430	1001
6	Доля казахстанского содержания в общем объеме производства на территории СЭЗ	%		0	0	50	30	60	40	70	50	80	60
7	Доля экспорта продукции в общем объеме производства на территории СЭЗ	%		0	0	16	8	38	19	45	22	47	24
8	Повышение производительности труда	разы		0	0	1,5	1,3	1,8	1,6	2,0	1,8	2,2	2

Примечания:

показатели индикаторов приведены с нарастающим итогом;

первые объемы производства товаров на территории СЭЗ планируется получить в 2015 году, в объеме 4 млрд. тенге – цианид натрия;

при расчете применен курс – 1 доллар США – 150 тенге;

при расчете ежегодного прироста инвестиций в несырьевые секторы экономики региона учтены инвестиции в основной капитал Жамбылской области по промышленности согласно статистическим данным по итогам 2010 года, в размере 146,8 млрд. тенге.
